

**«Аграплық несие корпорациясы» АҚ**

**Қаржылық есептілік**

*2012 жыл үшін тәуелсіз аудиторлардың  
аудиторлық қорытындысымен*

Ernst & Young LLP  
Esentai Tower  
Al-Farabi Ave., 77/7  
Almaty, Kazakhstan

Tel: +7 (727) 258 5960  
Fax: +7 (727) 258 5961  
[www.ey.com/kazakhstan](http://www.ey.com/kazakhstan)

ТОО «Эрнест энд Янг»  
Казахстан, Алматы  
пр. Аль-Фараби, 77/7  
Здание «Есентай Тауэр»

Тел.: +7 (727) 258 5960  
Факс: +7 (727) 258 5961

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

"Аграрлық Несие Корпорациясы" АҚ-ның Акционерлері мен Басшылығына –

Біз «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ-ның (бұдан әрі мәтін бойынша – «Корпорация») 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қоса беріліп отырған нысандарына аудит жүргіздік, әрі оған 1, 2, 3, 4 нысандар мен түсіндірме жазбасы (бұдан әрі мәтін бойынша «Есептілік нысандары») кіреді. Басшылық есептілік нысандарын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес өзірледі.

### **Басшылықтың есептілік нысандарын өзірлеу үшін жауапкершілігі**

Басшылық есептілік нысандарының Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес өзірленуі және дұрыс берілуі үшін, сондай-ақ басшылықтың пікірінше шынайы емес әрекеттердің немесе қате салдарынан маңызды бүрмалануы жоқ есептілік нысандарын дайындауды қамтамасыз ету үшін қажетті ішкі бақылау процедурапары үшін жауапкершілік көтереді.

### **Аудиторлардың жауапкершілігі**

Біздің міндеттіміз жүргізілген аудит негізінде осы есептілік нысандары туралы пікірімізді білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті қоса берілген есептілік нысандарында маңызды бүрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатында етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит есептілік нысандарында берілген сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдер алуға бағытталған процедурапардың орындалуын қамтиды. Процедуралар таңдау шынайы емес әрекеттердің немесе қате салдарынан есептілік нысандарының маңызды бүрмалану тәуекелін бағалау қосылатын аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор есептілік нысандарын дайында мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедурапарын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ Аудит таңдалған есеп саясатының орындылығы мен Корпорацияның басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін бағалауды және тұтас есептілік нысандарының берілуін бағалауды қамтиды.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.

**Пікір**

Біздің ойымызша қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ-ның 2012 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаржатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

*Ernst & Young LLP*

*Жемалетдинов*

Евгений Жемалетдинов

Аудитор / «Эрнст энд Янг» ЖШС-тін  
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында  
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған  
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ – 2, №  
0000003, Қазақстан Республикасының Қаржы  
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген



Аудитордың 2003 жылғы 24 желтоқсандағы №  
0000553 біліктілік күелігі

2013 жылғы 26 наурыз

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП****2012 жылдың 31 желтоқсанына**

(мын өткегемен)

	<i>Ескерт.</i>	<i>2012</i>	<i>2011</i>
<b>Активтер</b>			
Ақша каражаты және олардың баламалары	5	2.172.664	5.123.360
Түнгілік күрделілік	6	245.796	348.963
Клиенттерге берілетін кредиттер	7	82.061.146	80.622.405
Сатуға арналған активтер	8	89.812	167.666
Жылжымайтын мұлікке инвестициялар	9	86.628	-
Негізгі құралдар	10	171.010	232.920
Материалдық емес активтер	15	252.564	283.726
Табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	15	359.787	271.429
Табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер	15	819.780	943.017
Басқа да активтер	11	223.763	51.600
<b>Активтер жиыны</b>		<b>86.482.950</b>	<b>88.045.086</b>
<b>Міндеттемелер</b>			
Кредиттік ұйымдардың каражаты	12	2.369.301	6.776.149
Акционердің алдындағы берешек	13	15.111.020	14.807.777
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14	3.913.890	5.506.297
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек		111.988	134.852
Басқа да міндеттемелер		165.570	150.014
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>21.671.769</b>	<b>27.375.089</b>
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	16	69.349.371	65.349.371
Қосымша алынған капитал		4.190.171	3.904.973
Резервтік капитал		702.348	533.203
Шартты бөлу резерві		(5.186.531)	(4.655.348)
Жинақталған дефицит		(4.244.178)	(4.462.202)
<b>Капитал жиыны</b>		<b>64.811.181</b>	<b>60.669.997</b>
<b>Міндеттемелер мен капитал жиыны</b>		<b>86.482.950</b>	<b>88.045.086</b>

**Корпорация Басқармасы атынан кол қойылды және шығаруға бекітілді**

Нұрлыбек Төлебайұлы Малелов

Басқарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер



2013 жылғы 26 наурыз

**ПАЙДА МЕН ЗИЯНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП**

**2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

(мын ғашалы)

	<i>Ескерт.</i>	<i>2012</i>	<i>2011</i>
<b>Пайыздық кірістер</b>			
Клиенттерге берілтін кредиттер		5.671.013	6.649.895
Ақша қаражаты және олардың баламалары		504.806	503.158
		6.175.819	7.153.053
<b>Пайыздық шығыстар</b>			
Акционердің алдындағы берешек		(1.071.792)	(878.155)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(605.415)	(1.254.409)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(254.359)	(462.279)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек		(9.394)	(7.503)
Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек		—	(1.637)
		(1.940.960)	(2.603.983)
<b>Таза пайыздық кіріс</b>	7	4.234.859	4.549.070
Кредиттердің құнсыздану резерви		(2.409.077)	(2.764.349)
<b>Құнсыздану резервін шегере отырып таза пайыздық кіріс</b>		1.825.782	1.784.721
Түнди қаржы құралдарын кайта бағалаудан болған таза	6	647.401	243.570
кірістер		(41.702)	(46.218)
Валюта балтарын кайта бағалаудан болған таза шығыстар		18.399	21.253
Басқа да кірістер		624.098	218.605
<b>Пайыздық емес кірістер</b>			
Қызметкерлер құрамының шығыстары	18	(1.219.289)	(1.010.970)
Басқа да операциялық шығыстар	18	(653.389)	(520.490)
Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болған залал	8	(5.300)	(2.293)
<b>Пайыздық емес шығыстар</b>		(1.877.978)	(1.533.753)
<b>Пайда салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда</b>	15	571.902	469.573
Табыс салығы бойынша шығыстар		(184.733)	(300.428)
<b>Есепті жылдағы пайда</b>		387.169	169.145
<b>Акцияға базалық және бөлінген пайда (тенгемен)</b>	19	5,75	3,21

Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді

Нұрлыбек Төлебайұлы Мадеев



Басқарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2013 жылғы 26 наурыз

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП****2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мын өткізу менен)*

	<i>Ескерт.</i>	<i>2012</i>	<i>2011</i>
		<b>387.169</b>	<b>169.145</b>
<b>Есепті жылдағы пайда</b>			
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)	16	(663.979)	(2.920.188)
Шартты бөлу резервін калыптастыру			
Нарыктық мөлшерлемеден төмөн мөлшерлеме бойынша алынған кредиттерден болған кірісті бастапкы мойындау	16	<b>356.498</b>	1.319.740
Басқа да жиынтық кірістің / (залалдың) баптарына катысты пайда салығы	15	<b>61.496</b>	320.090
Салықтар шегерілген бір жылғы өзге жиынтық залал		(245.985)	(1.280.358)
Бір жылғы жиынтық залал жиыны		<b>141.184</b>	<b>(1.111.213)</b>

**Корпорация Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді**

Нұрлыйбек Төлебайұлы Малелов

Баскарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер

2013 жылғы 26 наурыз



**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП****2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

(мын өткізу мен)

	<b>Жарғылых  капитал</b>	<b>Қосымша  толенген  капитал</b>	<b>Резервтік  капитал</b>	<b>Шартты болу  резерві</b>	<b>Жинақталған  дефицит/  бөлінбекен  пайда</b>	<b>Жиыны</b>
<b>2010 жылдың  31 желтоқсанына</b>	48.649.371	2.849.181	481.883	(2.319.198)	(4.580.027)	45.081.210
Бір жылғы жиынтық залал жиныны	—	1.055.792	—	(2.336.150)	169.145	(1.111.213)
Жарғылых капиталдады ұлғайту (16-ескертне)	16.700.000	—	—	—	—	16.700.000
Резервтік корды ұлғайту (16-ескертне)	—	—	51.320	—	(51.320)	—
<b>2011 жылдың 31 желтоқсанына</b>	65.349.371	3.904.973	533.203	(4.655.348)	(4.462.202)	60.669.997
Бір жылғы жиынтық залал жиныны	—	285.198	—	(531.183)	387.169	141.184
Жарғылых капиталдады ұлғайту (16-ескертне)	4.000.000	—	—	—	—	4.000.000
Резервтік корды ұлғайту	—	—	169.145	—	(169.145)	—
<b>2012 жылдың 31 желтоқсанына</b>	69.349.371	4.190.171	702.348	(5.186.531)	(4.244.178)	64.811.181

Корпорация Баскармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді

Нұрлыйек Төлебайұлы Малетов

Баскарма Төрағасы

Ирина Николаевна Зайтуллаева

Бас бухгалтер



2013 жылғы 26 наурыз

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП****2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

(мың теңгемен)

	<i>Ескерт.</i>	<i>2012</i>	<i>2011</i>
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Алынған пайыздар		5.463.913	4.299.013
Төленген пайыздар		(1.215.303)	(1.581.946)
Тұынды қаржы активтері бойынша іске асырылған кіріс	6	464.566	145.047
Шетел валютасымен операциялар бойынша іске асырылған залал		(7.527)	(40.000)
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(1.195.269)	(1.000.668)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(532.824)	(435.697)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары</b>		2.977.556	1.385.749
<i>Операциялық активтердің таза (көбейі)/азауы</i>			
Клиенттерге берілетін кредиттер		(3.513.891)	(20.515.084)
Басқа да активтер		(172.163)	7.338
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбейі/азауы</i>			
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек		(31.140)	(104.239)
Қазакстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек		—	(341.266)
Басқа да міндеттемелер		(31.309)	45.447
<b>Табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен болған ақша қаражатының таза жұмсалуы</b>		(770.947)	(19.522.055)
Төленген табыс салығы		—	—
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуы</b>		(770.947)	(19.522.055)
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағымдары</b>			
Сатуға арналған активтерді сату	8	72.554	150.020
Негізгі құралдарды сатып алу	9	(60.142)	(52.897)
Материалдық емес активтерді сатып алу	10	(12.732)	(4.846)
<b>Инвестициялық қызметтен болған ақша қаражатының таза түсімі</b>		(320)	92.277
<b>Қаржы қызметінен ақша ағындары</b>			
Жарғылық капиталды ұлғайтудан түскен түсімдер	16	4.000.000	16.700.000
Кредиттік ұйымдардағы қарыз қаражатын өтеу		(4.486.175)	(5.895.200)
Акционерден қарыз қаражатын тартудан түскен түсім		31.829.697	25.728.357
Акционерден қарыз қаражатын тартудан түскен түсім		(31.988.364)	(22.136.565)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	14	3.840.405	2.580.319
Сатып алынған борыштық бағалы қағаздар		(5.374.992)	(1.927.206)
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі</b>		(2.179.429)	15.049.705
<b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза көбейі/азауы</b>		(2.950.696)	(4.380.073)
<b>Есепті жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	5	5.123.360	9.503.433
<b>Есепті жыл сонындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	5	2.172.664	5.123.360
<b>Ақшалай емес транзакциялар:</b>			
Клиенттерге берілген кредиттер бойынша берешекті өтеу есебінен шығарылған борыштық бағалы қағаздарды есептен шыгару		—	72.928
<b>Корпорация Басқармасы атынан көл көмілді және шығаруға бекітілді</b>			
Нұрлыбек Төлебайұлы Малеев			Баскарма Төрагасы
Ирина Николаевна Зайтуллаева			Бас бухгалтер
2013 жылғы 26 наурыз			



## 1. Қызмет сипаты

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Корпорация») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қанчардағы №137 қаулысымен құрылды. Корпорация өз қызметін Қазақстан Республикасының 2006 жылғы З акпандагы № 24 банк заңнамаларымен көзделген операцияларды жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жаңындағы Каржы нарығын және каржы үйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті (бұдан әрі – «ҚҚҚ») берген лицензияның негізінде жүзеге асырады. Сонымен бірге, Корпорацияның Қазақстан Республикасы Каржы нарығын және каржы үйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті Баскармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі № 274 қаулысымен тағайындалған қаржылық агенттік мәртебесі бар.

Корпорацияның негізгі қызмет түрлері мыналар:

- Ауыл шаруашылық секторын қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;
- АгроОнеркәсіптік кешенде өз жобаларын іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;
- АгроОнеркәсіптік кешендегі жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- Берілген қаражатты өтеу есебінен кепіл мүлкін және ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу;
- Тиісті лицензиялардың негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру;
- Лизинг қызметін жүзеге асыру.

Корпорацияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана к., Иманов көшесі, 11.

Корпорацияның жалғыз акционері «ҚазАгро» ұлттық баскарушы холдинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚазАгро» немесе «Акционер») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі түпкі бақылаушы тарап болып табылады.

2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанына Корпорацияның Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 13 филиалы бар.

## 2. Есептілікті дайындау негізі

### Жалпы бөлім

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес әзірленді.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» белімінде аталып өткенді қоспағанда, тарихи құны бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес әзірленді. Мысалы, ендірілген туынды қаржы құралдары әділ құны бойынша есепке алынуы туіс, ал сатуға арналған активтер өткізу шығыстарын немесе олардың ағымдағы құнын шегерे отырып, әділ құнның ен азы бойынша ескеріледі.

Осы қаржылық есептілік бір акция есебінен алынған деректерді қоспағанда немесе егер өзгесі көрсетілмесе, мын қазақстандық тәнгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мын тенге») көрсетілген.

### Есеп саясатындағы өзгерістер

Корпорация жыл ішінде мынадай кайта қаралған ХКЕС колданды:

#### 7 ХКЕС (IFRS) түзетулері «Каржы құралдары: ақпаратты ашу»

7 ХКЕС (IFRS) түзетулері 2010 жылғы маусымда шығарылды және 2011 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін құшіне енеді. Корпорацияның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға компанияның мұндай активтерге жалғасып отырган катысуының сипатын және соған байланысты тәуекелдерді бағалау мүмкіндігін беру мақсатында Түзету беріліп койылған қаржы активтері туралы косымша ақпаратты ашып көрсетуді талап етеді. Бұл түзетулер тек ақпаратты ашып көрсетуге ғана қатысты және Корпорацияның қаржылық жағдайына немесе нәтижелеріне әсер етпеді.

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері

#### Есеп саясатындағы өзгерістер

«ХҚЕС жетілдіруге» қосылған басқа да Тұзетулер Корпорацияның есеп саясатына, қаржылық жағдайына немесе қаржылық қызметтің нәтижелеріне әсерін тигіздеді:

- 12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салығы» – «Кейінге қалдырылған салықтардың негізіндегі активтерді өткөй» түзетуі
- 1 ХҚЕС (IFRS) түзетуі «Едәуір гиперинфляция және ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар үшін тіркелген күндердің күшін жою»

#### Қаржы активтері

##### *Бастапқы тану*

39 ХҚЕС (IAS) ережелеріне сәйкес қаржы активтері пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша кайта бағаланатын қаржы активтері; кредиттер және дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктеледі. Есепке алуда бастапқы бейнелеу кезінде қаржы активтері әділ құны бойынша бағаланады. Егер инвестициялар пайда немесе хиян арқылы әділ құны бойынша кайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктелмесе, есептілікте бейнелеу кезінде олардың әділ құнына мәміле бойынша тікелей байланысты шығасылар қосылады. Есепке алуда қаржы активтерін бастапқы бейнелеу кезінде оларға тиісті санат береді және одан кейін төменде сипатталған белгілі бір жағдайларда қаржы активтерін кайта жіктей алады.

##### *Тану мерзімі*

Қаржы активтерін сатып алу және сату бойынша барлық стандарт операциялар операция мерзімінде, яғни Корпорация өзіне активті сатып алу бойынша міндеттеме алатын мерзімде бейнеленеді. Сатып алу және сату бойынша стандарт операцияларға активтерді жеткізу заннамада белгіленген немесе нарықта қабылданған мерзім аясында талап етілетін қаржы активтерін сатып алу және сату бойынша операциялар жатады.

##### *«Бірінші күнгі кіріс»*

Егер белсенді емес нарықтағы мәміле бағасы бір құрал бойынша бақыланатын нарықтағы ағымдағы нарықтық мәмілелердің әділ құнынан ерекшеленсе немесе алғашқы өлшемдері бақыланатын нарықтардағы акпаратты ғана қамтитын бағалау әдістемесіне негізделсе, онда Корпорация дереу пайда мен зияндар туралы есепте мәміле бағасы мен әділ құн арасындағы айырманы («бірінші күнгі кіріс») мойындаиды. Тексерілмеген акпарат пайдаланылған жағдайда мәміле бағасы мен үлгі негізінде айқындалған құн арасындағы айырма, тек егер бастапқы деректер тексерілетін болғанда немесе қаржы құралын мойындау тоқтаған жағдайда ғана пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады.

##### *Клиенттерге берілетін кредиттер*

Қаржы құралдарының басқа санаттарына жіктелетін активтерді қоспағанда, нарықтық баға белгілеуі жок ақша ағындарымен айқындалатын немесе тіркелген туынды қаржы құралдары болып табылмайтын қаржы құралдары клиенттерге берілген кредиттерді білдіреді.

Корпорация беретін кредиттер бастапқыда әділ құны бойынша есепте оған коса болған операциялық шығасылар көрсетіледі. Корпорация клиенттерге нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша кредиттер беру жөнінде кредиттік міндеттемені қабылдайды, осы кредиттік міндеттемелердің әділ құны бойынша міндеттеме, егер мұндай міндеттемені қабылдау шешімін Корпорация басшылығы қабылдаса, пайда мен зияндар туралы есепке немесе егер шешім акциялардың бақылау пакеті бар Акционерден алынған нұсқаулықтарға сәйкес қабылданса, акциялардың бақылау пакеті бар Акционерге болжамды бөлу ретінде сторнациялайтын жазбасымен қаржылық жағдай туралы есепте басқа міндеттемелерде ескеріледі.

Кредиттік міндеттеме кейіннен кредит берілгенге дейін пайда мен зияндар туралы есеп арқылы әділ құны бойынша түзетіледі, әрі кредиттік міндеттеме берілген ақша өтелуіне азаяды және қалған сальдо клиенттерге берілген кредиттер ретінде қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі. Нәтижесінде, клиенттерге берілген несиeler бастапқыда қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша мойындалады және кейіннен мұндай кредиттер тиімді пайызыдық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Клиенттерге берілген несиeler кез келген құнсыздану резервтерін шегере отырып ескеріледі.

(мың тәнгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Каржы активтері (жалғасы)

##### Әділ қунды анықтау

Есепті кезеңдегі белсенді нарыкта саудалануы жүзеге асырылып отырған каржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарыктық баға белгілеулер немесе дилерлердің баға белгілеулері негізінде (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қыска позицияларды сату үшін баға белгілеу) анықталады.

Белсенді нарыкта саудалануы жүзеге асырылмайтын өзге қаржы құралдарының әділ құны ыңғайлы бағалау әдістемелері пайдалана отырып анықталады. Бағалау әдістемелеріне таза келтірілген құн негізіндегі модель, бакыланатын нарыкта бағасы бар ұқсас құралдармен салыстыру, опциондарды бағалау модельдері және басқа бағалау модельдері кіреді.

##### Өзара есепке алу

Каржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны бейнелей отырып, каржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізуге заңды бекітілген құқық және бір мезгілде міндеттемені реттеумен активті іске асыру ниеті болған кезде гана жүзеге асырылады. Бұл, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге катысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер каржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

#### Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына активтің пайда болу қунінен бастап 90 қуннен артық емес өтөу мерзімі бар ағымдағы және депозит шоттарында пайдалануда шектелмейтін қаражат кіреді.

#### Туынды каржы құралдары

Корпорация өзінің әдetteгі қызметінің барысында валюта нарықтарында және капитал нарықтарында түрлі туынды каржы құралдарын (оның ішінде, фьючерстер, форвардтар, своптар мен опциондар) пайдаланады. Осы қаржы құралдары саудага арналады және бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құн нарыктық баға белгілеудің немесе тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарыктық және шарттық құнға әрі басқа да факторларға негізделген бағалау үлгілерінің негізінде айқындалады. Оң әділ құны бар туынды каржы құралдары активтердің құрамында, ал теріс әділ құнымен – міндеттемелердің құрамында көрсетіледі. Аталған құралдармен жасалған операциялардан болған кірістер мен шығыстар саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша таза кірістердің/(шығыстардың) немесе шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістердің/(шығыстардың) құрамында каржы құралының түріне қарай (сауда операциялары) пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Баска қаржы құралдарының құрамына ендірілген туынды құралдар жеке ескеріледі және егер оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдер негізгі шарттардың тәуекелдерімен және сипаттамаларымен тығыз байланысты болмаса және осы негізгі шарттар сатуға арналмаса және пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбаса, әділ құны бойынша көрсетіледі. Негізгі шарттан бөлінген ендірілген туынды құралдар сауда портфелинің құрамында әділ құны бойынша ескеріледі, бұл ретте әділ құнның барлық өзгерістері пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

#### Карыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдастары міндеттемелер ретінде жіктеледі, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Корпорацияның ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін жеткізу не болмаса мәншікті үлес құралдарының тіркелген санына ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасына айырбас арқылы міндеттемені өзге тәсілмен орындауға міндеттемесі болса. Мұндай құралдарға үкімет алдындағы берешек, кредиттік ұйымдардың қаражаты, акционердің алдындағы берешек, шығарылған борыштық бағалы қағаздар кіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелердің мойындалуы токтаган кезде, сондай-ақ амортизация үрдісінде пайда мен зияндар туралы есепте бейнеленеді.

(мын өңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Операциялық жалдау – Корпорация жалға алушы ретінде

Жалға беруші жалдау нысанына мешік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайданы түгел дерлік өзінде сактайтын мүлікті жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шарты бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде бірдей шығыстарға жатқызылады және өзге операциялық шығыстар күрамында ескеріледі.

#### Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті қүнге Корпорация қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активті бастапқы танудан кейін орын алған бір немесе одан артық окиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсыздандының объективті дәлелі болған және шығын орын алған жағдай (немесе жағдайлар) сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі мен қаржы активтерінің тобынан күтілетін болашақ акша қаражаты ағымдарына әсер еткен жағдайдағанда құнсыздандынған ретінде шартты түрде белгіленеді.

Құнсыздану белгілеріне карыз алушы немесе карыз алушылар тобының айтарлықтай қаржылық киындықтарының болуы, пайыздардың немесе негізгі карыз сомасының төлемдері бойынша міндеттемелерді бұзуы, банкротка ұшыраудың немесе қаржылық кайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдылығы, сондай-ақ бакыланатын нарықтан алынатын ақпарат негізіндегі дәлел, күтілетін болашақ акша қаражаты ағымдарының азаою, мысалы мерзімі өткен төлемдер деңгейіндегі немесе активтер бойынша шығындармен ортактастырылатын экономикалық жағдайлардағы өзгерістер кіреді.

#### Кредиттік ұйымдардағы қаражат және клиенттерге берілген кредиттер

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын кредиттік ұйымдардағы қаражат пен клиенттерге берілетін кредиттерге катысты Корпорацияның ең бірінші дербес негізде жеке маңызды қаржы активтері үшін немесе жеке маңызды болып табылмайтын қаржы активтері үшін тұтас құнсыздандының объективті белгілері болуын бағалайды. Соған катысты құнсыздану шығындары мойындалатын дербес негізде құнсыздану мәніне бағаланатын активтер жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағаланбауы тиіс.

Құнсызданудан шығынға ұшыраудың объективті дәлелдері болған жағдайда, шығын сомасы активтердің ағымдағы құны мен ақшалай қаражаттың болашақ бағалау ағымдарының көлтірілген құнының (әлі ұшырамаган кредиттер бойынша болашақ күтілетін шығындарды ескермейтін) арасындағы айырманы білдіреді. Активтің ағымдағы құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы пайда мен зияндар туралы есепте танылады. Пайыздық кірістер актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде төмендейтілген ағымдағы құн бойынша есептелуін жалғастырады. Өтеудің накты перспективалары болмаған және барлық қамтамасыз ету іске асырылған немесе Корпорация берілген жағдайда, кредиттер мен тиісті резерв есептен шығарылады. Егер келесі жылы құнсыздану шығындарын бағалау сомасы құнсыздану шығындары танылғаннан кейін болған окигаларға байланысты көбейсе немесе азайса, бұрын танылған құнсыздану шығындарының сомасы резерв шотын тузету арқылы көбейтіледі немесе азайтылады. Егер есептен шыгару кейіннен калпына келтірілетін болса, онда калпына келтіру сомасы пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Болашақ күтілетін акша ағымдарының көлтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттады. Егер кредит ауыспалы пайыздық мөлшерлеме бойынша берілген болса, онда құнсыздану шығындарын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлеме болады. Қамтамасыз ету ретінде берілген қаржы активтері бойынша болашақ күтілетін акша ағымдарының көлтірілген құнының есебі өндіру мүмкіндігінің болуына қарамастан қамтамасыз етуді алу мен іске асыру шығындары шегерілген өндіріп алу жағдайында алынуы мүмкін ақшалай қаражатты бейнелейді.

Құнсыздану белгілерінің болуын жиынтық бағалау максатында қаржы активтері кредиттік тәуекелдің актив түрі, сала, географиялық орналасу, қамтамасыз ету түрі, төлемдердің уақытылы болуы және басқа да факторлар сиякты сипаттамалары ескеріле отырып кредиттік рейтингтердің ішкі банктік жүйесі негізінде топтарға бөлінеді.

(мын тәңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Каржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

*Кредиттік ұйымдардагы қаражат және клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)*

Құнсыздануы жиынтық негізде бағаланатын каржы активтерінің тобы бойынша болашақ ақша ағымдары активтер бойынша шығындарға, топ активтерінің сипаттамасына ұқсас кредиттік тәуекелдердің сипаттамасына қатысты тарихи ақпарат негізінде анықталады. Шығындар бойынша тарихи ақпарат шығындар бойынша тарихи ақпарат бар жылдарға әсерін тиғізбеген қолданыстағы талаптардың әсерін бейнелеу және осы сәтте жоқ тарихи кезең үшін талаптардың әсерін жоққа шығару мақсатында бақыланатын нарықтағы ағымдық ақпарат негізінде түзетіледі. Болашақ ақша ағымдарының өзгерістерін бағалау әрбір жыл үшін бақыланатын нарықтағы тиісті ақпараттың өзгерістерін бейнелейді және сәйкес келеді (мысалы, жұмыссыздық деңгейіндегі, жылжымайтын мүлік бағаларындағы, тауар бағаларындағы, төлем мәртебесіндегі немесе Корпорация шеккен залалдар мен мөлшерінің дәлелі болатын басқа факторлардағы өзгерістер). Болашақ ақша ағымдарын бағалау үшін қолданылатын әдістемелер мен жорамалдар шығындар бағасы мен накты нәтижелер арасындағы айырмашылықты қыскарту үшін үнемі қайта қарастырылып отырады.

*Кредиттердің қайта құрылымдау*

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Корпорация кредиттер бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемнің шарттық мерзімдерін ұзартып, кредит берудің жаңа талаптарын келіседі.

Мұндай қайта құрылымдаудың есебі келесі тәсілмен жасалады:

- Егер кредиттің валютасы өзгерсе, алдыңғы кредиттің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа кредит каржылық жағдай туралы есепте мойындалады.
- Егер қайта құрылымдау карызы алушының каржылық киындықтарымен негізделмесе, Корпорация төменде сипатталған каржылық міндеттемелердің мойындалуын тоқтату үшін қолданылатын әдіске ұқсас әдісті қолданады.
- Егер қайта құрылымдау карызы алушының каржылық киындықтарымен негізделсе және кредит қайта құрылымдаудан кейін құнсызданған болып есептелсе, Корпорация жаңа талаптарға сәйкес бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған келешек ақша ағындарының келтірілген құны мен қайта құрылымдауға дейінгі ағымдағы құн арасындағы айырманы есепті кезеңде құнсыздану шығыстарының құрамында мойындайды. Егер кредит қайта құрылымдаудың нәтижесінде құнсызданбаған болса, Корпорация тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептейді.
- Кредит, егер ол бойынша талаптар қайта қаралса, мерзімі өткен болып табылмайды. Корпорация басшылығы болашақ төлемдерді жасаудың барлық критерийлерін және олардың мүмкіндіктерін сактауында көз жеткізу үшін қайта құрылымдалған кредиттерді үнемі қайта қарап отырады. Мұндай кредиттер жеке немесе жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағалануын жалгастырады немесе олардың өтетелін құны кредит бойынша бастапқы немесе ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады.

*Каржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату*

*Каржы активтері*

Егер:

- активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аякталса;
- Корпорация активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағымдарын толығымен елеулі кешіктірусіз «транзит» келісім талаптарында үшінші тарарапка аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ак
- Корпорация (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сактамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе, каржы активінің (немесе қолданылуына қарай – каржы активінің бір бөлігінің немесе ұқсас қаржы активтер тобының бір бөлігінің) каржылық жағдай туралы есепте танылуы тоқтатылады.

(мың тәңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)

##### Қаржы активтері (жалғасы)

Корпорация активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ак активтің бакылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Корпорацияның бұл активтегі катысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке катысады жалғастыру Корпорацияға толемге берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы ағымдағы құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

##### Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттеме тиісті міндеттеме орындалған, қүші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда есептен алынады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайда мен зияндар туралы есепте міндеттемелердің ағымдағы құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуда бейнеленеді.

##### Салық салу

Пайда салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытша айырмашылыктарына қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың ағымдағы құны арасында туындастын барлық уақытша айырмалар бойынша қаржылық есептілік максаттары үшін көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылыктар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дөрежеде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер күшіне енген немесе нак есепті мерзімде күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, міндеттемені реттеу немесе активті іске асыру кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Корпорация кейінге қалдырылған салық талаптарын және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алады және нетто негізде қаржылық жағдай туралы есепте көрсетеді, егер:

- Корпорацияның ағымдағы салық талаптарын ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға зангерлік тұрғыдан бекітілген құқығы болса; және
- Кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір салық органы бір салық субъектісінен өндіріп алатын табыс салығына жататын болса.

Корпорация өз қызметін жүзеге асқаратын Қазақстан Республикасында Корпорацияның қызметіне қатысты қолданылатын түрлі салықтарды есептеу және төлеу талаптары бар. Осы салықтар операциялық шығыстардың құрамында пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

##### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, құнделікті қызмет көрсету шығасылары ескерілмеген накты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға тану белгілеріне жауап беретін болса, болу фактісі бойынша танылатын жабдықты ауыстыруға байланысты шығасылар кіреді.

Бұл активтің ағымдағы құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер түсіндаган жағдайда, негізгі құралдардың ағымдағы құнынды құнсыздануы бағаланады.

(мын төңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Негізгі құралдар (жалғасы)

Нысан амортизациясы оны пайдалану мүмкін болған кезде басталады. Амортизация активтердің пайдалы қызметінің бағалау мерзімдеріне негізделген келесі жылдық мөлшерлемелер бойынша желілік әдіспен есептеледі:

Үйлер мен ғимараттар	4,5%
Компьютерлер мен оргтехника	10%-20%
Көлік құралдары	10%
Баска	7%-10%

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл соңында сарапталады және кажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеу және кайта салу шығыстары олардың жүзеге асырылуына қарай шығасыларға жатқызылады және капиталдандырылуы тиіс жағдайларды қоспағанда, өзге операциялық шығыстар құрамына енгізіледі.

#### Инвестициялық меншік

Инвестициялық меншік жылжымайтын мүлікті ұзак мерзімге жалға беруден кірістерді немесе Корпорация негізгі құралдар ретінде пайдаланбайтын мүлік құнының өсуінен болған кірістерді алуға арналған.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, нақты құны бойынша бағаланады. Баланстық құнға, мойындау критерийлерін орындау шартымен, мұндай шығындардың пайда болуы сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің белілтерін ауыстыру құны кіреді және инвестициялық мүлікке құнделікті қызмет көрсету шығындары қосылмайды. Инвестициялық жылжымайтын мүлік кейіннен, жинақталған амортизацияны шегеріп, өзіндік құны бойынша бағаланады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде желілік негізде амортизацияланады.

Қаржылық жағдай туралы есепте инвестициялық жылжымайтын мүліктің мойындалуы ол есептен шығарылғанда не болмаса келешекте экономикалық пайда болатындығы күтілмеген жағдайда тоқтайды. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған кез келген кірістер мен залалдар мойындалуы тоқтаған жылы жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке және инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударымдар пайдалануда өзгерістер болғандаған жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алғып отырған жылжымайтын мүлік нысанына аудару кезінде баланстық құны өзгермейді, өйткені Корпорация инвестициялық жылжымайтын мүлік үшін, сол сияқты меншік иесі алғып отырған жылжымайтын мүлік үшін, қос санат үшін өзіндік құны бойынша есепке алу үлгісін пайдаланады.

#### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық камсыздандыру мен лицензиялар кіреді.

Жеке сатып алған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша бейнеленеді. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтер 1-тен

7-ке дейінгі жылды құрайтын пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін келесі бағалау мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

Материалдық емес активтер	10%-15%
---------------------------	---------

(мың тәңгемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Сатуға арналған деп жікетелетін активтер

Корпорация айналымнан тыс активтерді, егер олардың ағымдағы құнын өтеу көбінесе пайдалану барысында емес, мәмілені іске асыру барысында жоспарланса, сатуға арналған деп жіктелеп отыр. Бұл үшін айналымнан тыс активтер мұндай активтерді сатудың әдеттегі, үлгі шарттары болып табылатын шарттарда оларды қазіргі күйінде дереке сату үшін қолжетімді болуы тиіс, бұл ретте олардың сатылуы жоғары ықтималдылық деңгейімен сипатталуы тиіс.

Сатудың жоғары ықтималдылығы Корпорация басшылығының айналымнан тыс активті іске асырудың жоспарын қатаң түрде орындау ниетін болжайды. Бұл ретте сатып алушыны іздестіру және мұндай жоспарды орындау бойынша белсенді ісқымылдар жоспары басталуы тиіс. Бұдан басқа айналымнан тыс актив оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып негізделген болып табылатын баға бойынша өткізілуге белсенді түрде ұсынылуы тиіс. Сонымен бірге сатылымды аяқталған мәміле ретінде көрсету сатуға арналған ретінде айналымнан тыс активтер жіктелген күннен бастап бір жылдың ішінде күтілуі тиіс.

Корпорация сатуға арналған деп жікетелетін активтерді ағымдағы құнның ең аз мәні және сату шығыстарын шегере отырып әділ құны бойынша бағалайды. Активтердің ағымдағы құнның ықтимал құнсыздану оқигалары немесе соған көрсететін жағдайлардың өзгеруі басталған жағдайда Корпорация сату шығыстарын шегере отырып олардың құнның әділ құннына дейін бастапқы, сондай-ақ кейінгі есептен шығару кезінде құнсызданудан болған шығынды көрсетеді.

#### Жарғылық капитал

Акционерлік капиталға жарналар шығаруға арналған тікелей шығындарды шегере отырып тарихи құны бойынша мойындалады.

#### Дивидендер

Дивидендер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Егер есепті кезеңге дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есепті кезеңнен кейін, бірақ қаржылық есептіліктің бекітілу мерзіміне дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, дивидендер туралы акпарат есептілікте ашылады.

#### Шартты бөлу резерві

Корпорация өз Акционерінің атынан нарыктық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша кредиттік келісімді жасағанда, кредиттік міндеттеменің әділ құны Акционерге болжамды бөлу ретінде шартты бөлу бойынша резерв ретінде мойындалады.

#### Қосымша капитал

Корпорация өз Акционерінен нарыктық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша несиelerді немесе басқа да қаржылық көмекті алғанда, алынған ақшалай өтемакы мен несиelerдің немесе басқа да қаржылық көмектің әділ құны арасындағы айырма қосымша капитал ретінде ескеріледі.

#### Резервтер

Корпорацияның өткеніндегі белгілі бір окиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауга болатын заңды немесе ерікті түрде қабылдаган міндеттемелері болса, резервтер танылады.

#### Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы құмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы акпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы акпарат қаржылық есептілікте ашылады.

(мын төңгемен)

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Кірістер мен шығыстарды тану**

Егер Корпорация экономикалық пайда алады деген жоғары ықтималдық бар болса, және егер тұсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, тұсім танылады. Қаржылық есептіліктегі тұсімді тану үшін мынадай белгілер орындалуы тиіс:

#### **Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар**

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар дисконтау кезіндегі тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе колданылуына қарай қысқарап мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен тұсімдері дәлдікпен қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнында көлтіріледі. Есептеу кезіндегі қаржылық құрал бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтегу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ кредиттер бойынша болашақ шығыстар ескерілмейді. Корпорация төлемдердің немесе тұсімдердің бағаларын қайта карастырган жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің ағымдағы құны түзетіледі. Түзетілген ағымдағы құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал ағымдағы құнның өзгерісі пайыздық кірістер мен шығыстар ретінде бейнеленеді.

Қаржылық есептіліктегі бейнеленген қаржы активінің немесе ұқсас қаржы активтер тобының құны құнсыздану салдарынан төмендеген жағдайда, пайыздық кірістердің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша жаңа ағымдағы құн негізінде танылуы жалғаса береді.

#### **Комиссиялық кірістер**

Корпорация клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады.

Кредитті ұйымдастырығаны үшін комиссияның мерзімі тиісті тікелей шығындармен бірге ұлғайтылады және кредиттің тиімді пайыздық мөлшерлемесін түзету ретінде мойындалады. Егер кредитті беру міндеттемесінің салдарынан кредитті беру туралы шарт жасалатын болса, кредитті беру міндеттемесі үшін комиссия келешек кезеңдер кірістерінің құрамына (тиісті тікелей шығындармен бірге) кіреді және кейіннен кредит бойынша накты кірістерді түзету ретінде көрсетіледі. Егер кредитті беру міндеттемесі кредиттің берілуіне әкеліп соктырыған жағдайда, ол тәмен деп бағаланады, әрі кредитті беру міндеттемесі үшін комиссия кредитті беру міндеттемесінің калған кезеңінің ішінде пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі. Кредитті берумен аяқталмаған кредитті беру жөніндегі міндеттемелердің колданылу мерзімі өткеннен кейін кредитті беру жөніндегі міндеттеме үшін комиссия оның колданылу мерзімінде аяқталу қуніне пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады. Кредитке қызмет көрсеткені үшін комиссия қызметтердің көрсетілуіне қарай ескеріледі. Синдикатталған кредиттерді ұйымдастырығаны үшін комиссия мұндай қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетілген кезде пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады. Басқа да комиссиялар қызметтердің көрсетілуіне қарай көрсетіледі.

#### **Шетелдік валюталарды қайта есептеу**

Қаржылық есептілік Корпорацияның қызметтік валютасы мен есептілік беру валютасы болып табылатын қазақстандық тенге мен монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті құнға қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютага қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезіндегі түндейтін кірістер мен шығыстар пайда мен зияндар туралы есепте «Шетел валюталарындағы операциялар бойынша таза кірістер – Валюталық баптарды қайта бағалау» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында накты құны бойынша көрсетілген монетарлық емес баптар операцияны жасау қуніне колданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілген монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау қуніне колданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

(мын өмегемен)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Шетелдік валюталарды қайта есептеу (жалғасы)

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі ҚР ҰБ ресми бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстар шегеріле отырып кірістер құрамына енгізіледі. Тәменде Корпорация каржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған айырбас бағамдары келтірілген:

	<b>31 желтоқсан</b>	
	<b>2012</b>	<b>2011</b>
Тенге/АҚШ доллары	150,74	148,40
Тенге/Евро	199,22	191,72
Тенге/Ресей рублі	4,96	4,61

#### Есеп саясатының болашакта өзгеруі

*Шыгарылған, бірақ қолданысқа енгізілмеген стандарттар мен түсіндірмелер*

#### 9 ХҚЕС «Каржы құралдары»

2009 және 2010 жж. қарашасында ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС «Каржы құралдары» бірінші бөлімін жариялады. Бұл стандарт біртіндеп 39 ХБЕС «Каржы құралдары: тану және бағалауды» ауыстырады. 9 IFRIC түсіндірмесі 2013 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін құшіне енеді. 9 ХҚЕС бірінші бөлімі каржы құралдарын жіктеу мен бағалауға жаңа талаптар енгізеді. Атап айтқанда, одан кейінгі бағалау мақсатында барлық каржы активтері амортизациялық құны бойынша немесе пайда не шығын арқылы қайта бағаланған әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелуі тиіс, мұндайда өзге жиынтық кіріс арқылы саудалауға арналмаған үlestік құралдардың қайта бағалануын бейнелеуді жойылмауы тиіс таңдау мүмкін болады. Әділ құны бойынша бағалау мүмкіндігін пайдалана отырып табыс немесе шығын арқылы қайта бағаланатын каржылық міндеттемелерге катысты басқа жиынтық кірістің қурамында кредиттік тәуекелмен негізделген әділ құнның өзгеруін есепке алу жөніндегі талап енгізді. Қазіргі уақытта Корпорация бұл стандарттың әсерін бағалау және оның бастапқы қолданылу мерзімін таңдау үстінде.

#### 10 ХҚЕС «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»

10 ХҚЕС «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» арнайы мақсаттағы компанияларды қоса алғанда, компаниялардың барлық түрлеріне қолданылатын бірегей бақылау үлгісін көздейді. 10 ХҚЕС-ке енгізілген өзгерістер өзгерістен қасметтің қаржылықтың қолданылған жағдайларында оның ережелерін қолдану бойынша арнайы нұсқауларды көздейді. 10 ХҚЕС 27 ХБЕС-те «Шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілік» камтылған шоғырландыруға катысты талаптарды ауыстырады. Сондай-ақ ол ПКИ-12 «Шоғырландыру – арнайы мақсаттағы компаниялар» қарастырылған мәселелерді қозғайды. Стандарт 2013 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін құшіне енеді. Түзетуді мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Корпорация 10 ХҚЕС кабылдануы оның қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижелеріне әсер етпейді деп күтіп отыр.

#### 11 ХҚЕС «Бірлескен қызмет туралы келісім»

11 ХҚЕС пропорционалды шоғырландыру әдісін пайдалана отырып, бірлесіп бақыланатын компанияларды есепке алу мүмкіндігін жокқа шығарады. Осының орнына, бірлескен кәсіпорынның талаптарына сәйкес келетін ББК үlestік катысу әдісі бойынша ескерілуі тиіс. 11 ХҚЕС «Бірлескен қызметке қатысу» 31 ХБЕС және «Бірлесіп бақыланатын компаниялар – қатысушылардың монетарлық емес салымдары» 13 ПКИ ауыстырады және 2013 жылдын 1 қантарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін құшіне енеді. Түзетуді мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Корпорация 11 ХҚЕС кабылдануы оның қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижелеріне әсер етпейді деп күтіп отыр.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Есеп саясатының болашакта өзгеруі (жалғасы)**

*Шығарылған, бірақ қолданысқа енбекен стандарттар мен түсіндірмелер (жалғасы)*

*12 ХҚЕС «Басқа компанияларга қатысу үлестері туралы ашып көрсету»*

12 ХҚЕС шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлігінде бұрын 27 ХБЕС, 31 ХБЕС және 28 ХБЕС қамтылған акпаратты ашып көрсетуге койылатын талаптарды біріктіреді. Мұндай ашып көрсетулер еншілес компаниялардағы, бірлескен компаниялардағы, қауымдастыран компаниялардағы және құрылымдалған ұйымдардағы кәсіпорынның үлестерімен байланысты. Сондай-ақ мұндай компанияларға қатысты акпаратты ашып көрсету бірқатар жаңа талаптар енгізілді. 12 ХҚЕС 2013 жылғы 1 кантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзетуді мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Корпорация 12 ХҚЕС қабылдануы оның қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижелеріне әсер етпейді деп күтіп отыр.

*13 ХҚЕС «Әділ құнды бағалау»*

13 ХҚЕС бір стандартта ХҚЕС-ке сай әділ құнның бағалауға қатысты барлық нұскауларды біріктіреді. 13 ХҚЕС компаниялар әділ құнды пайдалануға міндетті болған кезінде өзгерістерді енгізбей, әділ құнды пайдалану қажет болғанда немесе рұқсат етілгенде ХҚЕС-ке сай әділ құнды бағалауға қатысты нұскауларды береді. 13 ХҚЕС 2013 жылғы 1 кантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзетуді мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. 13 ХҚЕС қабылдануы әділ құн бойынша ескерілетін Корпорацияның активтері мен міндеттемелерінің бағалануына ықпал етуі мүмкін. Қазіргі уақытта Корпорация 13 ХҚЕС қолдануы оның қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықтимал әсерін бағалайды.

*27 ХБЕС «Жекелеген қаржылық есептілік» (2011 жылғы редакцияда)*

10 ХҚЕС пен 12 ХҚЕС жария етудің нәтижесінде 27 ХБЕС-те еншілес, бірлесіп бақыланатын және қауымдастыран компанияларды жекелеген қаржылық есептілікте есепке алу жөніндегі нұскаулар қамтылған. Мұндай түзету 2013 жылғы 1 кантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Корпорация 27 ХБЕС қабылдануы оның қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижелеріне әсер етпейді деп күтіп отыр.

*28 ХБЕС «Қауымдастыран компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» (2011 жылғы редакцияда)*

Жаңа 11 ХҚЕС пен 12 ХҚЕС жария етудің нәтижесінде 28 ХБЕС атаяу 28 ХБЕС «Қауымдастыран компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» деп өзгерді. Стандарттың жаңа редакциясында тек қауымдастыран компанияға салынатын инвестицияларға қатысты ғана емес, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестицияларға қатысты үлестік қатысу әдісінің қолданылуын сипаттайтыды. Мұндай түзету 2013 жылғы 1 кантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Корпорация 28 ХБЕС қабылдануы оның қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижелеріне әсер етпейді деп күтіп отыр.

*19 ХБЕС түзетуі «Қызметкерлерге сыйақы»*

19 ХБЕС-ке түзету 2013 жылғы 1 кантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Түзету қызметкерлерге төленетін сыйақыларды есепке алуға едәуір өзгерістерді енгізеді, атап айтқанда зейнетакы жоспарының («дәліз әдісі» деп аталады) активтері мен міндеттемелеріндегі өзгерістерді мерзімі ұзартылған мойында мүмкіндігін алғып таставтады. Сонымен бірге, түзету пайдада немесе зиянда мойындалатын таза зейнетакы активтеріндегі (міндеттемелеріндегі) өзгерістерді пайыздар бойынша таза кіріспен (шығыспен) және қызмет құнымен шектейді. Корпорация 19 ХБЕС қабылдануы оның қаржылық жағдайы мен қызмет нәтижелеріне әсер етпейді деп күтіп отыр.

(мын тәңгемен)

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Есеп саясатының болашакта өзгеруі (жалғасы)**

*Шығарылған, бірақ қолданысқа енбекен стандарттар мен түсіндірмелер (жалғасы)*

*1 ХБЕС түзетуі «Басқа да жиынтық кіріс баптарын ұсынудагы өзгеріс»*

1 ХБЕС түзету 2012 жылғы 1 шілдеден немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету басқа да жиынтық кіріс құрамында ұсынылатын баптардың топтастырылуын өзгертеді. Баптар келешекте белгілі бір уақыт сәтінде (мысалы, активтің мойындалуы немесе өтелуі токтаған жағдайда) пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуі мүмкін, олар ешқашан қайта жіктелмейтін баптан жеке ұсынылуы тиіс. Түзету тек акпараттың ұсынылуын өзгертеді, бірақ Корпорацияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

(мын өтегемен)

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

#### **Есеп саясатының болашақта өзгеруі (жалғасы)**

*Шыгарылған, бірақ қолданысқа енбекен стандарттар мен түсіндірмелер (жалғасы)*

#### *7 ХКЕС «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»*

2010 жылғы қазанда ХКЕС жөніндегі кеңес 7 ХКЕС түзетулерін жариялады, әрі олар 2011 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету Корпорацияның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға мойындалуы токтатылмаған активтердің және тиісті міндеттемелердің өзара байланыс сипатын түсінуге мүмкіндік беру үшін берілген, бірақ мойындалуы токтамаган қаржы активтері туралы қосымша акпаратты жария етуді талап етеді. Сонымен бірге, түзету Компанияның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға мойындалуы тоқтаған мұндай активтерге компанияның жалғасып отырған қатысуының сипатын және осыған байланысты тәуекелдерді түсінуге мүмкіндік беру үшін мойындалуы тоқтаған активтерге жалғасып отырған қатысу туралы акпаратты жария етуді талап етеді. Түзету тек акпаратты ашып көрсетуді ғана өзгертерді және Корпорацияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

#### *32 ХКЕС-ке түзетулер – Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу*

Мұндай түзетулердің шенберінде «казіргі сәтте өзара есепке алуға арналған замен бекітілген құқыкка ие болады» деген сөйлемнің мағынасы түсіндіріледі. Сондай-ақ түзетулер есеп айрысын жүйелеріне (бірыңғай клиринг орталығының жүйелері сияқты) қатысты 32 ХКЕС-те (IAS) өзара есепке алу критерийлерін қалайша дұрыс колдану қажет екендігін сипаттайты, әрі солардың аясында бір мезгілді емес жалпы төлемдер тетіктегі қолданылады. Мұндай түзетулер Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер етпейді деп болжануда. Түзетулер 2014 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қүшіне енеді.

#### *1 ХКЕС-ке (IFRS) түзетулер «Мемлекет беретін қарыздар»*

Компанияның мұндай түзетулеріне сай алғаш рет қолданылатын ХКЕС олардың ХКЕС-ке көшу күніне бар мемлекет берген қарыздарға қатысты 20 ХКЕС (IAS) талаптарын «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашып көрсету» қолдануы тиіс. Түзету Корпорацияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

#### *ХКЕС жетілдіру*

Түзету 2013 жылғы 1 қантардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету тек акпараттың ұсынылуын өзгертерді, бірақ Корпорацияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

#### *1 ХКЕС «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану»*

Бұл жетілдіру өткен кезеңде ХКЕС-ті қолдануды токтаткан компания ХКЕС-ке сай есептілікті жаңадан жасауға міндетті немесе шешкен компания 1 ХКЕС-ті кайталаң қолдануға құқылы екендігін түсіндіреді. Егер 1 ХКЕС кайталаң қолданылmasa, компания ХКЕС-ті қолдануды ешқашан токтапағандай, қаржылық есептілікті ретроспективті түрде қайта есептеуі тиіс.

#### *1 ХБЕС «Қаржылық есептілік ұсыну»*

Бұл жетілдіру еркіті негізде ұсынылатын қосымша салыстырмалы акпарат пен ең аз қажет болатын салыстырмалы акпарат арасындағы айырманы түсіндіреді. Әдетте, ең аз қажет болатын салыстырмалы акпарат алдыңғы есепті кезең үшін акпарат болып табылады.

#### *16 ХБЕС «Негізгі құралдар»*

Бұл жетілдіру негізгі құралдардың анықтамасын қанағаттандыратын негізгі қосалқы бөлшектер мен қосалқы құрал-жабдық корлар болып табылмайтындығын түсіндіреді.

### **3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

**Есеп саясатының болашақта өзгеруі (жалғасы)**

**XKEC жетілдіру (жалғасы)**

**32 ХБЕС «Каржылық құралдары: ақпаратты ұсыну»**

Бұл жетілдіру акционерлердің пайdasына төленуі тиіс пайда салығы 12 XKEC-ке (IAS) «Пайда салығы» сәйкес ескерілетіндігін түсіндіреді.

**34 ХБЕС «Аралық қаржылық есептілік»**

Бұл жетілдіру аралық қаржылық есептілікте сегмен активтерінің жалпы сомалары туралы акпаратты ашып көрсетуге қатысты талаптарды сегменттің міндеттемелері туралы акпаратты ашып көрсетуге қатысты талаптарға сәйкес келтіреді. Бұл түсіндірмеге сай аралық қаржылық есептілікте акпаратты ашып көрсету жылдық қаржылық есептілікте акпаратты ашып көрсетуге сәйкес келуі тиіс.

### **4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаудар**

**Бағалаудың белгісіздігі**

Корпорацияның есепке алу саясатын қолдану үшін басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған соманы анықтауға қатысты бағалау жасады. Төменде пікірлер мен бағалауды пайдаланудың негұрлым маңызды жағдайлары берілді:

**Каржылық құралдарының әділ құны**

Егер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерден тұратын бағалаудың түрлі модельдерін пайдалана отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін алғашкы деректер, егер мүмкін болса, бакыланатын нарық негізінде анықталады; басқа жағдайда әділ құнды анықтау үшін пікірді қолдану қажет.

**Кредиттердің құнсыздану резерві**

Корпорация кредиттер мен дебиторлық берешектің құнсыздануын тұракты түрде сараптап отырады. Тәжірибеге сүйене отырып, Корпорация құнсыздану шығындарын карыз алушы қаржылық қындықтарды басынан кешіріп отырган және ұқсас қарыз алушылар туралы нақты деректердің жеткілікті көлемі болмаған жағдайларда бағалауда өзінің субъективті пікірін пайдаланады.

Корпорация топ құрамындағы қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу мәртебесіндегі жағымсыз өзгерістерді немесе топ құрамындағы активтер бойынша міндеттемелерді орындауға пара-пар мемлекеттік не жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруін көрсететін байкалып отырган деректер негізінде болашақ ақша ағымдарының өзгерісін ұқсас түрде бағалайды. Басшылық кредиттер мен дебиторлық берешектің топтары бойынша құнсызданудың объективті белгілері бар және кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамасындағы активтерге қатысты шығындар құрылымы туралы тарихи деректерге негізделген бағалауды пайдаланады. Тәжірибеге сүйене отырып, Корпорация ағымдағы міндеттемелерді бейнелеу үшін кредиттер немесе дебиторлық берешек тобына қатысты байкалатын деректерді түзету кезінде өзінің субъективті пікірін пайдаланады.

**Кепіл қамсыздандыруын бағалау**

Басшылық нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып кепілмен қамтамасыз етудің құнын түзету үшін тәжірибеге негізделген пайымдауды немесе тәуелсіз бағалауды пайдалана отырып, тұракты негізде кепілмен қамтамасыз етуге мониторингті жүзеге асырады.

(мың теңгемен)

#### 4. Маңызды есептік пікірлер және бағалаулар (жалғасы)

##### Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)

###### *Салық салу*

Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамасы жиі қайталануы мүмкін түрлі түсініктемелер мен өзгертулердің нысаны болып табылады. Мұндай заңнамаға қатысты мәмілелер мен Корпорацияның қызметіне қатысты колданылатын басшылық түсініктемесі тиісті өнірлік және мемлекеттік органдар тарапынан даулануы мүмкін. Осылайша, қосымша салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдар есептелуі мүмкін. Салыктарды есептеуге қатысты салықтық кезеңдер тиісті органдар тексеру үшін карастырылатын жылдың алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда мұндай шолулар бұдан да ұзак кезеңдерді камтуы мүмкін. Басшылық 2012 жылғы 31 желтоксандағы жағдай бойынша заңнаманы түсінүі тиісінше және Корпорацияның салықтар, валюта және кеден бойынша бағыттары расталатын болады деп санайды.

###### *Кейінге қалдырылған салық активтерін қалтына келтіру*

Мерзімі өткен табыс салығы бойынша активтер қаржылық жағдай туралы есепте мойындалатындығын анықтау кезінде пайымдауды пайдалану қажет. Пайдаланылмаған салық залалдары бойынша туындастындарды коса алғанда, мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер басшылықтан Корпорация мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша мойындалған активтерді пайдалану максатында келешек кезеңдерде жеткілікті салық салынатын кірістерді жасайды деген мүмкіндікті бағалауын талап етеді. Келешекте салық салынатын кірісті жасауға қатысты жорамалдар басшылықтың келешек ақша қараждаты ағындарына қатысты бағалауына байланысты болады. Бұл келешек салық салынатын кірісті бағалаулар операциялық қызметтен акша ағындарының болжамдарына (пайыздық кірістер, пайыздық шығыстар, құнсыздану резерві) және әрбір юрисдикцияда колданыстағы салық заңнамасын қолдану туралы пайымдауға негізделген. Корпорацияның есепті күнгі жағдай бойынша көрсетілген мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша таза активтерді іске асыру кабілетіне келешек ақша ағындары мен салық салынатын кірістер бағалаудан қаншалықты айтарлықтай ерекшеленетіндігіне әсер етуі мүмкін.

Сонымен бірге, Корпорация өз қызметін жүзеге асыратын юрисдикцияларда салық заңнамасының келешек өзгерістері Корпорацияның келешек кезеңдерде салық жазбаларын алу кабілетін шектеуі мүмкін.

#### 5. Ақша қараждаты және олардың баламалары

Ақша қараждатына келесі позициялар кіреді:

	2012	2011
Қолма-қол қараждат	5	72
Ағымдағы шоттагы ақша қараждаты	2.163.276	5.123.288
Есеп айырысу шоттарындағы қалдықтар бойынша есептелген сыйакылар	9.383	–
<b>Ақша қараждаты және олардың баламалары</b>	<b>2.172.664</b>	<b>5.123.360</b>

2012 жылғы 31 желтоксандағы жағдай бойынша банктердің есеп айырысу шоттарында орналастырылған ақша қараждатына жергілікті бір банкте орналастырылған 1.700.011 мың теңге мөлшеріндегі сома кіреді, бұл ақша қараждаты мен олардың баламаларының 79% қурайды (2011 жылдың 31 желтоксанына – 3.552.116 мың теңге немесе 69%).

#### 6. Тұынды қаржы құралдары

Төменде қаржылық есептілікте активтер немесе міндеттемелер ретінде, сондай-ақ олардың шартты сомалары ретінде көрсетілген тұынды қаржы құралдарының әділ құнын көрсететін кесте келтірілген:

	2012			2011		
	Шартты негізгі сома	Әділ құны Актив	Міндеттеме	Шартты негізгі сома	Әділ құны Актив	Міндеттеме
Опциондар	1.259.279	245.796	–	2.304.335	348.963	–

Опциондар сатып алушының келешекте белгіленген күнге немесе белгілі бір кезеңнің ішінде уақыттың кез келген сәтінде тіркелген баға бойынша қаржы құралдарының белгілі бір санын сатып алу не болмаса сату құбығын камтитын шарттық келісімдерді білдіреді.

(мын тәңгемен)

## 6. Тұынды қаржы құралдары (жалғасы)

2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанына Корпорацияда шетел валютасы бағамының ең аз мәнін тіркеуді көздейтін шетел валютасына байланыстырылған белгілі бір қарыздар болды, яғни негізгі борыш пен пайыздар бойынша төлемдер шетел валюталарымен Корпорацияда, егер келісім-шартта көрсетілген шетел валютасының бағамы белгілі бір шекке қатысты асып түсетін болса (шек, әдетте қарызды беру күніне валютаның айырас бағамының деңгейінде белгіленеді), одан да жоғары төлемді талап ету құқығы бар болатында етіп шетел валюталарымен индексациялануы тиіс. Дәл сол уақытта, егер шетел валютасының бағамы көрсетілген шектен төмен түссе, негізгі борыш пен пайыздар бойынша төлемдер бастапқы деңгейде қалады.

Корпорацияның пікірінше, жоғарыда аталған индексация ендірілген валюталық опциян болып табылады, әрі ол өз кезегінде негізгі келісім-шарттан бөлінуге және қаржылық есептіліктегі пайдада немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын жеке қаржы құралы ретінде есепке алынуға жататын ендірілген тұынды қаржы құралы ретінде болады.

Ендірілген тұынды құралдармен операциялар бойынша таза кірістерге келесі позициялар кіреді;

	2012	2011
Тұынды құралдармен операциялар бойынша іске асырылған кірістер	464.566	145.047
Тұынды құралдармен операциялар бойынша іске асырылмаған кірістер	182.835	98.523
<b>Ендірілген тұынды құралдармен операциялар бойынша тза кірістер</b>	<b>647.401</b>	<b>243.570</b>

## 7. Клиенттерге берілетін кредиттер

Клиенттерге берілген кредиттерге келесі позициялар кіреді:

	2012	2011
Аграрлық секторда заңды тұлғаларға берілген кредиттер	82.286.406	84.045.313
Аграрлық секторда жеке тұлғаларға берілген кредиттер	11.366.410	7.165.328
<b>Клиенттерге берілген кредиттердің жиыны</b>	<b>93.652.816</b>	<b>91.210.641</b>
Құнсыздану резервін шегере отырып	(11.591.670)	(10.588.236)
<b>Клиенттерге берілетін кредиттер</b>	<b>82.061.146</b>	<b>80.622.405</b>

*Клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздану резерви*

Төменде кредиттердің құнсыздану резервінің салыстырмасы берілді:

	2012	2011
<b>1 қантарға</b>	<b>10.588.236</b>	<b>7.602.401</b>
Бір жылғы шығыстар	2.409.077	2.764.349
(Есептен шығару)	(1.405.643)	-
Қалпына келтіру	-	221.486
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>11.591.670</b>	<b>10.588.236</b>
Жеке негіздегі құнсыздану	5.821.751	8.501.283
Жыныстық негіздегі құнсыздану	5.769.919	2.086.953
<b>11.591.670</b>	<b>10.588.236</b>	

Резерв есептен шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде жеке негізге бағаланған кредиттер сомасының жиыны

7.529.259      13.882.603

2012 жылдың 31 желтоқсанына Акционер қаржыландырган нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша 2012 жылы клиенттерге берілген несиelerдің әділ құнын бағалау нәтижесінде тұындаған 663.979 мың тенге (2011: 2.920.188 мың тенге) мөлшеріндегі шығындар шартты бөлу бойынша резерв құрамында мойындалады.

### Құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған кредиттер

2012 жылдың 31 желтоқсанына құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған кредиттер бойынша Корпорация алған қамтамасыз етудің әділ құны 1.707.508 мың тенге болды (2011 жыл: 8.346.262 мың тенге).

(мың теңгемен)

## 7. Клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)

### Кредиттік тәуекелді азайтатын қамтамасыз ету және басқа құралдар

Корпорация берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі карсы агенттің кредиттік тәуекелді бағалаудына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

Төменде алғынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері көрсетілген:

- Коммерциялық кредиттеу кезінде – жылжымайтын мүлік, корлар мен дебиторлық берешек кепілі, кепілдіктер мен бағалы қағаздар;
- Жеке тұлғаларды кредиттеу кезінде – тұргын үй және басқа да активтер кепілі.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ құнсыздану шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алғынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады.

### Кредиттердің клиенттерде шоғырлануы

2012 жылдың 31 желтоқсанына Корпорация қарыздардың келесі шоғырлануымен сипатталды – ірі 10 карыз алушыға 23.093.151 мың теңге келді, бұл жиынтық кредит портфелінің 24% құрады (2012 жылдың 31 желтоқсанына – 29.773.210 мың теңге және жиынтық кредит портфелінің 34%).

Резерв есептен шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған қарыздардың сыйакысы бойынша кіріс

2012 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін құнсызданған ретінде жеке негізде бағаланған кредиттер бойынша пайыздық кірістер 1.257.590 мың теңге (2011: 4.653.406 мың теңге) болды.

## 8. Сатуға арналған активтер

2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорация Кредиттік серікtestіктердегі үлестік қатысуды білдіретін қауымдастан компанияларға инвестициялар салу туралы шешімді қабылдады. Аталған серікtestіктер Корпорациядан алғынған қаражаттың есебінен ауылдағы клиенттерді қаржыландырады. 2012 және 2011 жылдардың ішінде Корпорация қауымдастан компанияларға инвестицияларды сату жоспарын әзірлеп, сатып алушылардың айқындау және жоспарды аяқтау бағдарламасын бастады.

Корпорация осы активтердің ағымдағы әділ құнына қатысты үйлеспелі болып табылатын баға бойынша белсенді сата бастады, сонын салдарынан қауымдастан компанияларға салынған инвестициялар сатуға арналған активтер ретінде жіктелді.

Төменде 31 желтоқсанға инвестициялар шоттары бойынша қозғалыс келтірілген:

	2012	2011
1 қантардағы қалдық	167.666	319.979
Инвестицияларды сату	(72.554)	(150.020)
Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болған залал	(5.300)	(2.293)
31 желтоқсанға қалдық	<u>89.812</u>	<u>167.666</u>

Төменде сатуға арналған активтердің құнсыздануына резервтің салыстырылып тексерілуі көрсетілген:

	2012	2011
1 қантардағы қалдық	(2.293)	(12.354)
Бір жылғы шығыстар	(5.300)	(2.293)
Есептен шығару	2.293	12.354
31 желтоқсанға қалдық	<u>(5.300)</u>	<u>(2.293)</u>

(мың теңгемен)

## 9. Негізгі құралдар

	<i>Жер</i>	<i>Үйлер мен гимараттар</i>	<i>Компьютерлер мен оргтехника</i>	<i>Көлік құралдары</i>	<i>Басқасы</i>	<i>Жиыны</i>
<b>Бастапқы құны</b>						
2010 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	133.668	81.298	32.855	45.494	298.712
Тұсімдер	—	—	39.729	3.809	9.359	52.897
Шығу	—	—	(637)	—	(161)	(798)
2011 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	133.668	120.390	36.664	54.692	350.811
Тұсімдер	—	—	17.034	34.750	8.358	60.142
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру	—	(133.668)	—	—	—	(133.668)
Шығу	—	—	(1.913)	(6.725)	(247)	(8.885)
2012 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	—	135.511	64.689	62.803	268.400
<b>Жинақталған амортизация</b>						
2010 жылдың 31 желтоқсанына	—	35.009	29.220	10.563	17.950	92.742
Есептелген амортизация	—	6.015	12.273	3.053	4.497	25.838
Шығу	—	—	(566)	—	(123)	(689)
2011 жылдың 31 желтоқсанына	—	41.024	40.927	13.616	22.324	117.891
Есептелген амортизация	—	4.512	16.460	5.113	5.377	31.462
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстыру	—	(45.536)	—	—	—	(45.536)
Шығу	—	—	(1.901)	(4.385)	(141)	(6.427)
2012 жылдың 31 желтоқсанына	—	—	55.486	14.344	27.560	97.390
<b>Қалдық құны:</b>						
2010 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	98.659	52.078	22.292	27.544	205.970
2011 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	92.644	79.463	23.048	32.368	232.920
2012 жылдың 31 желтоқсанына	5.397	—	80.025	50.345	35.243	171.010

2012 жылы Корпорация бұрын әкімшілік қызметкерлер құрамы алып отырған гимаратты операциялық жалға беру шешімін қабылдады. 40 ХБЕС-ке сай жалдаудан кіріс алу үшін, бірақ әкімшілік мақсаттарда пайдалану үшін емес иелікте болған жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүлік талаптарына сәйкес келмейді. Пайдалану тәсілінің өзгеруіне байланысты нысан негізгі құралдардан инвестициялық жылжымайтын мүлікке қайта жіктелуі мүмкін.

### Жылжымайтын мүлікке инвестициялар

*Гимараттар*

#### Бастапқы құны

2011 жылдың 31 желтоқсанына	—
Негізгі құралдардан ауыстырылды	133.668
2012 жылдың 31 желтоқсанына	133.668

#### Жинақталған амортизация

2011 жылдың 31 желтоқсанына	—
Негізгі құралдардан ауыстырылды	45.536
Есептелген амортизация	1.504
2012 жылдың 31 желтоқсанына	47.040

#### Қалдық құны

2012 жылдың 31 желтоқсанына	86.628
-----------------------------	--------

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті жалға беруден болған кіріс 14.188 мың теңге (2011: нөл) болды.

(мың тенге)

**10. Материалдық емес активтер**

Төменде материалдық емес активтердің баптары бойынша қозғалыс көлтірілген:

	<i><u>Бағдарламалық жасақтама</u></i>
<b>Бастапқы құны:</b>	
2010 жылдың 31 желтоқсанына	397.666
Түсімдер	4.846
2011 жылдың 31 желтоқсанына	402.512
Түсімдер	12.732
<b>2012 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>415.244</b>
<b>Жинақталған амортизация:</b>	
2010 жылдың 31 желтоқсанына	76.062
Есептелген амортизация	42.724
2011 жылдың 31 желтоқсанына	118.786
Есептелген амортизация	43.894
<b>2012 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>162.680</b>
<b>Калдық құны:</b>	
2010 жылдың 31 желтоқсанына	321.604
2011 жылдың 31 желтоқсанына	283.726
<b>2012 жылдың 31 желтоқсанына</b>	<b>252.564</b>

**11. Басқа да активтер**

	<i><u>2012</u></i>	<i><u>2011</u></i>
Алынған кепілді камсыздандыру	168.482	—
Басқа да активтер	55.281	51.600
<b>Озге де активтер жиыны</b>	<b>223.763</b>	<b>51.600</b>

**12. Кредиттік ұйымдардағы қаржат**

Банктен шетел валютасында алынған ұзак мерзімді қарызға мыналар жатады:

Банк	<i><u>Валюта</u></i>	<i><u>Өтегу күні</u></i>	<i><u>Пайыздық мөлшерлеме</u></i>	<i><u>2012</u></i>	<i><u>2011</u></i>
				<i><u>2012</u></i>	<i><u>2011</u></i>
Commerzbank AG	АҚШ доллары	25.02.2013	10,33%	2.369.301	6.776.149

*Шектейтін қаржы шарттары*

Шетелдік банктің қарыз шартының талаптарына сәйкес Корпорация белгілі бір қаржы коэффициенттерін сақтауга міндетті. 2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанына Корпорация шартқа сәйкес мұндай коэффициенттер бойынша талаптарды сақтады.

2009 жылдың 21 желтоқсанында Корпорация Commerzbank AG үшін Акционерден қарыздың толық сомасына кепілдігін берді. 429.177 мың теңге мөлшеріндегі кепілдіктің әділ құны қосымша төленген капиталдың кұрамында мойындалды.

(мын төңгемен)

### 13. Акционердің алдындағы берешек

#### Инвестициялық қарызы

2012 жылдың 31 желтоқсанына Акционерден және мемлекеттік әрі бюджеттік ұйымдардан нарыктық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша алынған кредиттердің әділ құнын бағалау нәтижесінде туындаған 356.498 мың теңге (2011 жылғы 31 желтоқсан: 1.319.740 мың теңге) мөлшеріндегі кіріс қосымша төленген капиталда мойындалды.

2009 жылы Корпорация ҚазАгромен №36 Қарыз туралы үлгі келісімді жасады. Осы Келісімнің шарттарына сай Корпорацияға агроенеркәсіптік секторда өндірісті құруға, кеңейтуге және түрлендіруге арналған іс-шаралар кешенін іске асыруға инвестициялық қарыз беріледі.

Инвестициялық қарызының колданылу мерзімі 2023 жылғы 30 желтоқсанға дейін, 2012 жылдың 31 желтоқсанына Келісім бойынша акша қаражатының номиналды құны – 16.906.440 мың теңге, пайыздар жылдық 1,02% номиналды мөлшерлемесі және беру күніне 6% тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі.

2012 жылғы 10 желтоқсанда Корпорация ҚазАгромен Қарыз туралы үлгі келісімді жасады. Келісім бойынша қарыз сомасы 2.000.000 мың теңге болды. Пайыздар 1% мөлшерлемесі бойынша есептеледі. Қарызының колданылу мерзімі келісімге қол қойылған сэттөн бастап 7 жыл. Қарыз мыналарға пайдаланылуы мүмкін: міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті болатын ағымдағы өтімділік деңгейін колдауға; агроенеркәсіптік кешен субъектілерін колдауға; негізгі құралдарды жөндеуге және түрлендіруге және заңнамаға сәйкес өзге максаттарда. 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Келісім бойынша акша қаражатының номиналды құны мен баланстық құны 1.000.329 мың теңге болды.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз құны 15.111.020 мың теңгени (2011: 14.807.777 мың теңге) құрады.

2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционердің алдында берешектің қаржылық көрсеткіштерді орында бойынша міндеттемелер болған жок.

### 14. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

	<i>Мөлшерлеме</i>		<i>Валюта</i>	<i>2012</i>	<i>2011</i>
	<i>Отегу күні</i>	<i>%</i>			
Тіркелген кірісі бар борыштық бағалы қағаздар 2 шығарылым	05.12.2015	7%	тенге	<b>2.331.832</b>	–
Тіркелген кірісі бар борыштық бағалы қағаздар 1 шығарылым	29.06.2014	8%	тенге	<b>1.582.058</b>	2.497.070
Индекстелген борыштық бағалы қағаздар	10.08.2012	6-9%	тенге	–	2.973.443
Тіркелген кірісі бар борыштық бағалы қағаздар	30.12.2014	11%	тенге	–	35.784
				<b>3.913.890</b>	<b>5.506.297</b>

Индекстелген борыштық бағалы қағаздар солар бойынша купондық сыйакының мөлшері инфляция индексінің деңгейіне қарай айқындалатын құралдармен білдірілген, бұл ретте купонның ең аз және ең көп мәні 6% және тиісінше 9% мөлшерінде белгіленген. Корпорация көрсетілген ең аз және ең көп мәндердің өндірілген туынды құралдар ретінде ескереді, әрі олардың шарттары негізгі шарттың талаптарымен тығыз байланысқан және осы шарттан бөлінуге жатпайды.

2012 жылғы 10 тамызда индекстелген борыштық бағалы қағаздар бойынша 2.938.886 мың теңге сомасына облигациялардың номиналды құнын толық өтеді. 2012 жылғы Корпорация 35.784 мың теңге мөлшерінде тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар бойынша борышты мерзімінен бұрын өтеді.

2012 жылғы Корпорация 3.897.600 дана көлемінде алғашқы облигациялық бағдарламаның бірінші және екінші шығарылымы бойынша борыштық бағалы қағаздарды орналастырды.

(мың тенге)

**15. Салық салу**

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін КТС бойынша шығыстармен бірге КТС корпоративтік мөлшерлемесі бойынша салық салынғанга дейінгі кіріске колданылған корпоративтік табыс салығы («КТС») бойынша женілдіктердің салыстырып тексеруі келтірілген:

	<i>2012</i>	<i>2011</i>
Ағымдағы табыс салығы	—	—
Кейінге қалдырылған салық: Ұақытша айырмалардың туындауы және азаюы	123.237	(19.662)
Мыналарды шегере отырып: басқа да жиынтық шығыста мойындалған мерзімі ұзартылған салық бойынша шығысты	61.496	320.090
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>184.733</b>	<b>300.428</b>

2012 жылдың 31 желтоқсанына КТС бойынша ағымдағы актив сомасын 359.787 мың тенге (2011: 271.429 мың тенге) құрады.

Басқа жиынтық кірістің құрамында мойындалған кейінге қалдырылған салық келесі тәсілмен бөлінген:

	<i>2012</i>	<i>2011</i>
Активтер бойынша	132.796	584.038
Міндеттемелер бойынша	(71.300)	(263.948)
<b>Басқа жиынтық шығыстың құрамында мойындалған корпоративтік табыс салығы бойынша женілдік</b>	<b>61.496</b>	<b>320.090</b>

	<i>2012</i>	<i>2011</i>
Салық салынғанға дейінгі пайда	571.902	469.573
Салықтың ресми мөлшерлемесі	20%	20%

<b>Ресми салық мөлшерлемесі бойынша корпоративтік табыс салығының теориялық шығыстары</b>	<b>114.380</b>	<b>93.915</b>
Салық бойынша есептен шығарылмайтын шығыстар	70.353	206.513
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>184.733</b>	<b>300.428</b>

(мың теңгемен)

## 15. Салық салу (жалғасы)

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелеріне, сондай-ақ олардың тиісті жылдар үшін қозғалысына келесі позициялар жатады:

	Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы			Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы			2012
	Пайда мен		Басқа	Пайда мен		Басқа	
